

## Қазақстан Республикасы туристік саласының аймақтық даму жағдайын талдау

Дүйсембаев А.А.

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

В статье исследуется туристская отрасль Казахстана и ее региональные особенности. Проводится анализ основных факторов и показателей, влияющих на развитие туристского рынка Казахстана. Рассматриваются региональные различия конъюнктуры туристского рынка и спроса, распределение туристских фирм, объектов размещения по регионам, количества обслуженных посетителей объектами размещения по регионам, областей Казахстана по стоимости проданных путевок, количество обслуженных посетителей по внутреннему туризму, по выездному туризму (резидентов), распределение обслуженных туристов Карагандинской области по странам, а также инфраструктура туристско-рекреационной сферы Карагандинской области.

In this article the tourist branch of Kazakhstan and its regional features is investigated and analyzed. The analysis of major factors and the indicators influencing development of the tourist market of Kazakhstan is carried out. Regional distinctions of a conjuncture of the tourist market and demand, distribution of tourist firms, distribution of objects of placing on regions, distribution of quantity of the served visitors by objects of placing on regions, distribution of areas of Kazakhstan on costs of the sold permits, quantity of the served visitors on internal tourism, on exit tourism (residents), distribution of the served tourists of the Karaganda area on the countries, and also an infrastructure of tourist-recreational sphere of the Karaganda area are considered.

Бүгінгі таңдағы туристік индустрия әлемдік шаруашылықтың қарқынды дамушы саласы бола отырып, жиынтық ішкі өнімнің қалыптасуында ауқымды үлестілікті қамтиды, мемлекеттің төлем қабілеттілігін арттырады, әлеуметтік мәселелерді шешеді, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартады.

Бұдан басқа, туристік сала тұрғындарды жұмысбастылықпен қамтитын және де экономиканың аралас секторлары өнімдеріне сұранысты қалыптастыру көзқарасы тұрғысынан елеулі түрде мультипликативтік ықпалдылықты иемденетін сала болып табылады.

Қазіргі заманғы әлемде туризм мен демалудың рөлі ерекше, ол экономиканы, мәдениетті, әлеуметтік өмірді қоса алғандағы бүгінгі кездегі қоғам қызметінің барлық саласын қамтиды. Бизнестің бұл түрі құрылыс, сауда, ауыл шаруашылығы, халық тұтынатын тауарлар өндірісі, көлік, байланыс және де ұлттық нарықтың т.б. салаларының дамуын ынталандырады [1].

Соңғы жиырма жыл бойы туризм және демалу әлемдік шаруашылықтың табысты және қарқынды дамушы салаларының біріне жатады. Осының дәлелдемесі ретінде туризм мен демалу үлесіне әлемдік жиынтық ұлттық табыстың 10 % жуық көрсеткішінің сай келуін атап өтуге болады [2]. Бүгінгі таңда бүкіл әлемде туристік бизнес капитал салымының неғұрлым табысты әрі келешектік саласы бола отырып, өзінің даму қарқынын энергетикалық, валюталық және экономикалық дағдарыс кезінде де сақтай алған.


Туризм және демалудан әлемдік деңгейдегі табыстың жыл сайынғы өсімі 2,7 % шаманы құрайды және де келешекте экономиканың бұл секторы әлемдік шаруашылықтың экспорттық тобы арасында сөзсіз озат болып танылатындығы айқындалуда [3]. Сондықтанда әлемнің экономикалық дамыған елдерінің туризм саласының жандануына қатысты елеулі мәнділікті байқатып отырғандығы негізсіз емес.

Нарық конъюнктурасы мен туристік сұраныстың өрістеуіне туристік сала дамуының аймақтық ерекшеліктері ықпал етеді. Төмендегі сызбада туризмнің аймақтық дамуының әртараптандырылуы сипатталған (1-кесте) [4].

**2009 жылға Қазақстан Республикасында туристік нарық пен сұраныс конъюктурасының аймақтық айырмашылықтары**

	Туристік фирмалар саны	Орналастыру объектілерімен қызмет көрсетілген келушілер саны	Орналастыру объектілер саны	Сатылған жолдамалар құны, мың тг.	Ішкі туризм бойынша туристік фирмалармен қызмет көрсетілген келушілер	Туристік фирмалармен орындалған жұмыстар мен қызметтер саны	Шығу туризмі бойынша туристік фирмалармен қызмет көрсетілгендер саны
Қазақстан Республикасы	1 203	1 544 506	562	19 281 603,7	122 216	17 453 671,5	193 951
Ақмола	26	50 693	53	144 536,2	37 716	38 928,6	2 997
Ақтөбе	26	40 514	17	580 709,6	368	23 639,2	7 684
Алматы	43	66 109	37	73 077,8	10 323	449 336,5	756
Атырау	18	248 610	33	786 901,2	750	74 582,3	5 073
Батыс Қазақстан	10	26 276	12	729 658,3	21	43 250,0	3 160
Жамбыл	21	30 472	14	68 845,0	1 163	7 795,6	2 991
Қарағанды	76	90 332	60	791 110,3	5 530	139 744,0	8 174
Қостанай	26	29 062	12	150 996,4	2 603	210 678,4	5 223
Қызылорда	2	12 844	10	10 835,0	371	21 932,6	96
Маңғыстау	29	125 596	19	310 864,3	1 686	201 335,7	9 433
Оңтүстік Қазақстан	22	57 429	25	230 534,8	936	15 139,8	4 409
Павлодар	56	61 058	37	673 634,1	3 682	102 547,6	6 181
Солтүстік Қазақстан	23	10 790	10	397 673,8	1 777	41 836,5	2 932
Шығыс Қазақстан	48	118 749	75	331 221,2	17 446	149 393,5	3 908
Астана қ.	87	239 136	59	847 384,9	12 954	851 268,5	15 402
Алматы қ.	690	336 836	89	13 153 620,8	24 890	15 082 262,7	115 532


Жоғарыдағы кесте көрсеткіштер, ең алдымен, туристік фирмалардың теңдік жағдайда үлестірілмей, олардың басым бөлігі Алматы қаласында шоғырланғандығын байқатады (1-сур.).



1-сур. 2009 жылға Қазақстан аймақтары бойынша туристік фирмалардың үлестірілімі


Бұл қалада 690 туристік фирмалар қызмет атқарып, пайыздық қатынаста республика бойынша фирмалардың жалпы санынан 57,36 % құрайды. Саны бойынша Астана қаласы екінші орынды, ал үшінші орынды Қарағанды облысы иеленеді. Қарағанды облысының қалаларында 76 туристік фирмалар қызмет атқарып, республикалық мәнде 6,32 % құрап отыр.

Республика аймақтарындағы орналастыру объектілерінің теңсіздік жағдайдағы үлестірілімі 2-ші суретте көрсетілген.



2-сур. 2009 жылға Қазақстан аймақтары бойынша орналастыру объектілерінің үлестірілімі

Жоғарыдағы сурет мәліметтерін талдай отырып, 2009 жылы орналастыру объектілерінің басым көпшілігі Алматы қаласында шоғырланғандығын байқауға болады. Бұл қалада 89 орналастыру объектілері қызмет атқарып, республика бойынша жалпы санының 17% шамасын құрайды. Әрі қарай саны бойынша Шығыс Қазақстан облысы орын алса, үшінші орында Қарағанды облысы тұрақтанған. Қарағанды облысының қалаларына 60 орналастыру объектілері сай келіп, жалпы республикалық көрсеткіштің 11% құрайды. Аймақтар бойынша республикалық көрсеткіштен пайыздық қатынаста орналастыру объектілерімен қызмет көрсетілген келушілердің саны төмендегі сызбада көрсетілген(3-сур.).




3-сур. 2009 жылға Қазақстан аймақтары бойынша орналастыру объектілерімен қызмет көрсетілген келушілер санының үлестірілімі

Орналастыру объектілерінің саны бойынша облыстардың рейтингісіне қарамастан, республикалық көрсеткішке қатысты облыстардың салмақтық үлесі келесідей орналасқан: бірінші орында — Алматы қаласы (21%), екінші орында — Атырау облысы (16%), үшінші орында — Астана қаласы (15%), төртінші орынды Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облысы өзара бөліссе, ал Қарағанды облысы 6% көрсеткішпен бесінші орынға тұрақтанған.


Төмендегі сызбада сатылған жолдамалар құны бойынша аймақтық айырмашылықтардың әртараптандырылуы көрсетілген (4-сур.).

Осы суреттегі мәліметтерді талдау нәтижесінде басым үлесті 68,22% көрсеткішпен Алматы қаласы иемденсе, келесі кезекте Астана қаласы — 4,39%, үшінші орында Қарағанды облысы 4,1% көрсеткішпен сипатталған.




4-сур. 2009 жылы сатылған жолдамалардың құны бойынша Қазақстан облыстары арасындағы үлестірілімі

Ішкі туризм бойынша туристік фирмалармен қызмет көрсетілген келушілердің облыстардағы үлесі төмендегі сызбада көрсетілген (5-сур.).



5-сур. Ішкі туризм бойынша туристік фирмалармен қызмет көрсетілген келушілердің саны, %

Жоғарыдағы сызба нәтижелерін талдай отырып, ішкі туризм бойынша туристік фирмалармен қызмет көрсетілген келушілер саны көрсеткішіне қатысты бірінші орын Ақмола облысына тиесілі (32 %), екінші көрсеткіште — Алматы қаласы (20 %), үшінші — ШҚО (14 %), төртіншіде — Астана қаласы (11 %), бесіншіде — Алматы облысы (8 %), алтыншыда — Қарағанды облысында шығу туризмі (резиденттердің) бойынша туристік фирмалармен қызмет көрсетілген келушілердің үлесі 6-шы суретте көрсетілген.




6-сур. Шығу туризмі бойынша туристік фирмалармен қызмет көрсетілгендердің (резиденттер) облыстар бойынша үлесі, %

Сызба мәліметтері бойынша елеулі үлесті Алматы қаласы иемденсе, екінші орында Астана қаласы, ал үшінші көрсеткіш — Маңғыстау облысына, төртінші орын Қарағанды облысына тиесілі екендігін байқаймыз.


Туристік нарықтың конъюктурасын құрушы факторларды талдай отырып, Қарағанды облысы туризмінің дамуы бойынша республикада Алматы қаласы, Астана қаласы, Шығыс Қазақстан облысынан кейінгі төртінші орынды иемденеді.

Қарағанды облысы бойынша туризм саласының типтері бойынша дамуы және шығу туризмінің географиясы келесі сызбада көрсетілген (7-сур.). Жалпы сегментте елеулі үлесті шығу туризмі иемденіп, 60 % жуық көрсеткішті құрайды. Шығу туризміндегі демалушылардың негізгі ағымының бағдарлану пунктісі ретінде Түркия, Германия, БАӘ, Қытай, Тайланд мемлекеттері таңдалуда [5].



7-сур. 2009 жылғы Қарағанды облысы туризм типтері бойынша қызмет көрсетілген туристердің үлестірілімі

Жалпы республика бойынша туристік агенттіктердің шектен тыс көп болуы негізінен тек қана бір бағыт — шығу туризмін дамытуда. 1000 туристік компанияның тек 14,5 % келу туризмін ұйымдастырумен айналысуда, әрине, бұл жағдай еліміздің бюджетіне жағымсыз әсер етеді. Осымен бірге келуші туристердің басым бөлігінің Қазақстанға іс-сапармен келетіндігін атап өткен жөн. Туристердің біздің мемлекетке келген мемлекеттік тиесілігі бойынша қарастырылған мемлекеттердің бастапқы бесеуі көп жағдайда іскерлік туризмге қатысты болса, ал Қырғызстанға қатысты көп жағдайда жұмыс іздеп келушілердің санының артуымен байланыстырамыз (8-сур.) [6].



8-сур. 2009 жылы Қарағанды облысында қызмет көрсетілген туристердің елдері бойынша үлестірілімі

Қарағанды облысындағы келу туризмін құраушы қызмет көрсетілген туристердің келген мемлекеттердің арасында алғашқы нәтижелілікті Түркия мемлекеті құраса, ал екінші көрсеткішті — Германия, үшінші көрсеткішті — БАӘ, келесі кезекті — Қытай, ал бесінші және алтыншы орындарды Тайланд, Қырғызстан құрауда.

Қарағанды облысы бойынша ішкі туризм жалпы туризмнен түсетін барлық табыстың 3 % құрайды. Салыстыру үшін қарастыратын болсақ, дамыған елдердегі осыған ұқсас көрсеткіш 50 % дейінгі көрсеткішті қамтамасыз етуде. Елімізде осы мәселені шешу үшін шетелдік саяхаттарды ұйымдастырушы туроператорларды өз қызметтері табысынан ҚҚС төлеуді міндеттейтін Салық кодексіне өзгерістер енгізілген болатын. Осы іс-шарасыз шығу туризмін ұйымдастырушылар пайызы, мүмкін оданда жоғары болар ма еді.

Төмендегі сызбада Қарағанды облысының туристік-рекреациондық саласының инфрақұрылымы көрсетілген (2-кесте) [4].

2 - кесте

**2010 жылдың 1-ші қаңтарына Қарағанды облысының туристік инфрақұрылымы**

Атаулары	Кәсіпорын саны, бірлік					Құрылымы, %				
	барлығы	оның ішінде				барлығы	оның ішінде			
		тур-фирма	туристік қызметпен айналысушы ЖК	орналас-тыру объекті-лері	келушілерді орналастыру мен айналысатын ЖК		тур-фирма	туристік қызметпен айналысушы ЖК	орналас-тыру объекті-лері	келушілерді орналастыру мен айналысатын ЖК
Қарағанды облысы	203	76	7	60	60	100	37,4	3,4	29,6	29,6
Қарағанды қ.	115	61	6	25	23	100	53,0	5,2	21,7	20,0
Балқаш қ.	15	1	-	4	10	100	6,7	-	26,7	66,7
Жезқазған қ.	11	3	1	6	1	100	27,3	9,1	54,5	9,1
Приозерск қ.	2	-	-	-	2	100	-	-	-	100,0
Сәтпаев қ.	3	-	-	3	-	100	-	-	100,0	-
Теміртау қ.	31	11	-	10	10	100	35,5	-	32,3	32,3
Ақтоғай ауданы	5	-	-	4	1	100	-	-	80,0	20,0
Бұқаржырау ауданы	5	-	-	3	2	100	-	-	60,0	40,0
Абай ауданы	1	-	-	-	1	100	-	-	-	100,0
Жаңаарқа ауданы	4	-	-	1	3	100	-	-	25,0	75,0
Қарқаралы ауданы	5	-	-	3	2	100	-	-	60,0	40,0
Нұра ауданы	1	-	-	-	1	100	-	-	-	100,0
Осакаровка ауданы	4	-	-	1	3	100	-	-	25,0	75,0
Шет ауданы	1	-	-	-	1	100	-	-	-	100,0

Кестеден көріп отырғанымыздай, осы сала құрылымында ең көп үлесті — 37,4 % көрсеткішпен туристік фирмалар қамтыған. Қарағанды облысында туроператорлық, турагенттік қызметтерді және туризм инструкторы қызметін іске асыруға лицензияларды иемденуші 76 туристік фирмалар мен агенттіктер бар. Олардың барлығы облыстың төрт қаласында шоғырланғандығын атап өткен жөн: Қарағанды қаласында — 61, Балқашта — 1, Жезқазғанда — 3, Теміртау қаласында 11 туристік фирмалар орналасқан.

Туристік құрылым — 29,6 % көрсеткіште орналастыру объектілерін қамтыған және де оларға қонақ үйлер, демалу үйлері, пансионаттар, тағы басқа келушілердің жатын орынын, оларға қызмет көрсететін басқа да ғимараттар мен құрылғыларды жатқызамыз. Осылардың қатарына келесілерді енгіземіз: «АрселорМиттал» АҚ-на қарасты «Шахтер» демалу үйі (Қарқаралы ауданы, Қарқаралы таулы-орман оазисы), «АрселорМиттал» АҚ-на қарасты «Жартас» санаторийі (Абай ауданы, Жартас кенті), «Қазақмыс Корпорациясы» ЖШС-не қарасты «Сосновый бор» демалу үйі (Қарқаралы ауданы, Қарқаралы таулы-орман оазисы), «Тасбұлақ» таулық отелі (Қарқаралы ауданы, Қарқаралы таулы-орман оазисы), «Бүркітші» аңшылық үйі (Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы), тау-шаңғылық кешені (Теміртау қаласы, Гагаринское ауылы) және т.б.

Қонақ үйлік инфрақұрылымға келесілерді жатқызамыз: «Космонавт», «Достар Әлемі», «Алатау», «Чайка», «Созвездие», «Премьер-отель», «Меридиан», «Қарағанды», «Грация», «Турист»,

«Тұлпар», «Металлург», «Байқоңыр», «Бизнес-Центр», «Азия», «Бота», «Спутник», «Теміртау», «Жасмин», КПИТ ПО «БГМК», «Жемчужина», «Досжан», «Альпина Treastars», «Балқаш» және т.б.

Қарағанды облысының туристік-рекреациондық саласы инфрақұрылымының төрттен астам бөлігін (33 %) туристік қызметпен айналысушы және де келушілерді, туристерді орналастырушы қызметтерімен айналысатын жеке кәсіпкерлер қамтиды.

Қарағанды облысы бойынша туристік қызметтерді қаржыландыру көлемі 2010 жылы 4769 мың теңгені құраған. Туристік саланың 2010 жылға бюджеті 4769 мың теңгені құрай отырып, 2011 жылы 8 % индексациясымен 5126 мың теңге көлемінде жоспарланып отыр.

Аймақтағы экологиялық туризм 6 экологиялық маршруттардың әзірленуіндегі Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғат саябағымен сипатталады. Қарағанды облысында туризм түрлері бойынша қалаулысы болып танымдық, емдік және спорттық саналады.

Сонымен қатар облыста 2008 жылдың қыркүйегінен 2010 жылдың тамызы аралағында «Экологиялық туризм және Орталық Қазақстандағы қоғамдық хабардар болушылық» (ЕТРАСК) жобасы іске асырылды. Бұл жоба «Қарағанды облыстық экологиялық мұражайы» ҚҰ-ның «Табиғатты және жан-жақтылықты қорғау Немістік одағымен» (NABU) ынтымақтаса отырып атқарылды.

Жоғарыдағы қарастырылған мәліметтерді жинақтап, талдау нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады:

- туризм құрылымында басым үлесті — 37,4 % көрсеткішімен туристік фирмалар және де 29,6 % көрсеткіште орналастыру объектілері қамтиды;

- Қарағанды облысының туристік-рекреациондық саласы инфрақұрылымында төрттен астам бөлігін (33 %) туристік қызметпен айналысушы және келушілерді, туристерді орналастыру қызметтерімен айналысатын жеке кәсіпкерлер қамтиды;

- 2009 жылы Қарағанды облысы туристік-рекреациондық сала объектілерімен 2311,5 млн. теңгеге қызметтер көрсетілген. Осымен бірге туризм саласындағы кәсіпорындар санындағы айырмашылықтарға қарамастан, талдаулар көрсетілетін барлық қызметтердің 75 % орналастыру объектілерінің үлесіне тиесілі болып табылады. Туристік фирмалармен тек 139,7 млн. теңге сомасы көлемінде қызметтер көрсетілген және де олардың үлесі 6 % құрайды;

- 2009 жылы Қарағанды облысы туристік-рекреациондық саласымен 247889 адамға, орналастыру объектілерімен олардың 90332-не қызмет көрсетілген, 13704 адам туристік фирмаларға сұраныс білдірген, жеке кәсіпкерлермен 143 мың адамнан астамына қызмет көрсетілген;

- Қарағанды облысының ішкі туризм үлесіне 88,0 % қызмет көрсетілген туристер сай келген, олардың 7,8 % келу туризмін және де 4,2 % шығу туризмін қамтыған;

- Қарағанды облысында туризм түрлері бойынша тұтынушылардың қалайтындарына танымдық, емдік және спорттықты жатқызамыз;

- туристердің 70 % жуығы саяхат жасаудың іскерлік мақсатын көздеген және де туристердің 30 % жуығы Қарағанды облысына демалу мақсатында келетіндерін білдірген;

- облыс көлемінде туристік бизнестің дамуына тежеу болатын жалпы қызмет көрсету сапасының төменділігі, әсіресе шағын қалалар мен облыс аудандарында ол айқын байқалуда.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Драчева Е.Л. Экономика и организация туризма. Международный туризм. — М.: Кнорус, 2005. — 576 с.
2. Малахова Н.Н., Ушакова Д.С. Инновации в туризме и сервисе. — М.: ИКЦ «MapT», 2008. — 224 с.
3. Всемирная туристская организация — UNWTO // [www.unwto.org](http://www.unwto.org).
4. 2005–2009 жылдарға Қазақстан туризмі: Стат. жин. // [www.stat.kz](http://www.stat.kz)
5. Статистика туризма — Агентство Республики Казахстан по статистике // [www.stat.kz/trening](http://www.stat.kz/trening)
6. «Мастер-план развития туризма в Карагандинской области на 2011–2015 годы // [www.vizitkazakhstan.kz](http://www.vizitkazakhstan.kz)